

М.Б.Дастанова
А.Бопбекова
Бауыржан Момышұлы атындағы
№45 қазақ классикалық гимназиясы,
9-сынып, Тараз қ.

БАУЫРЖАН МОНОЛОГІНІҢ МӘНІ

Қазақстанның халық жазушысы Ә.Нұршайықовтың 1976 жылы жарыққа шыққан “Ақиқат пен аңыз” романның басты қаһарманы – қазақ халқының адал ұлы, ардақты азаматы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы.

Диалогке құрылған ерекше жанрдағы романда автор батыр тұлғасын оқырманына сан қырынан таныстырады және түрлі көркемдік әдістерді қолданады. Соның бірі – монолог. Ал монологті академик Зейнолла Қабдолов “Адамның сезімін, күйіну не сүйіну халін суреттеу”, - деп көрсетеді. [1.117]. Монолог арқылы кейіпкер өзінің ішкі болмысын, ұғым – түсінігін, сезімін, танымын, ақыл-ой, білім деңгейін танытады. Ә.Нұршайықов романында батыр Бауыржанның адами тұлғасын ашуда монологті шебер пайдалана білген.

Романда Бауыржанның милиция бастығы болып тұрғанда түрмеге заңсыз қамалған 200 адамды тергеуші Емельяновтың тапсырмасы бойынша босатып жібергені суреттеледі. Осы жақсылықты жаңа бастық Бауыржан жасады деп түсінген көпшіліктің: “Қарағым, сен келмесең, біздің босанатын түріміз жоқ еді,” – деп рахмет білдіруіне таңданып, өзінің ішкі пікірін “Ей, момын халқым, “Сен келмесең біздің босанатын түріміз жоқ еді” деп, сендер маған разы болып барасыңдар. Іштеріңдегі көзі ашық деген менің өзім сендердің ақ, қараларыңды айыра алмай, қанша күн қамауда ұстадым. Егер Емельянов келмесе өздеріңнің әлі қанша күн жатарларыңды білмей, мені босқа мақтап барасыңдар-ау [2.28]” деп білдіреді.

Кейіпкер монологінде алдымен “момын халқым” деп туған халқының шынайы болмысын танытып алады да, атқарып отырған қызметіндегі білімінің кемшін екендігін мойындап, ешқандай мақтауға лайық еместігін жайып салады. Автор осы монолог арқылы Бауыржанның елдің алдындағы адалдығы мен қарапайымдығын көрсетуді мақсат еткен.

Автор монологті Бауыржанның жазушылыққа қашан, қалай келгендігін анықтауда да ұтымды қолданған. “Менің білімімнің, тәжірибемнің әй, құдай біледі, ана дүниеге керегі жоқ шығар. Енді қалған өмірімде көрген – білгенімді жастарға айтып кетейін. Өзім көрген асыл азаматтар өнегесін, өз тәжірибемді өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі етіп қалдыру адамгершілік парызым”, - деп [2.53] жазушылық қызметінің философиясын ашып берген Бауыржан ойының ұлы кемеңгер, Абайдың “Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын.... ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым

жоқ”,-деп [3.85] жүрегін ашып салған ойымен ұштасып, бір мақсатта бағытталғанын байқау қиын емес.

1933 жылы әскери міндетін өтеп, елге оралған Бауыржанның туған топырағына деген сағынышын да автор кейіпкерінің монологімен береді. “Айналайын даламның ақ бораны! Бауыржан әскерде қандай азамат болды екен деп сынағың келетін болар сенің. Сына! Ал аяғымнан! Күрес менімен. Бәрібір Бауыржан сенің қикағына көнбейді ”. [2.54] Бұл кейіпкердің өзіне деген зор сенімділігін білдірген үзінді болар еді.

Бауыржан Момышұлы 1936 жылы Ташкентке әскерге шақырылады. Кейіпкерінің ауыл-елмен қоштасу үшін берілген бір жұманы өткеріп, сапарға аттанар сәттегі ата-ана алдындағы перзенттік парызын қалай сезініп, түсінгендігін де автор оның өз монологімен былай береді. “Бес қыздан кейін, елу үш жасыңда көрген жалғыз ұлың мен едім, әке! Жетпіс тоғызыңда сені жалғыз тастап, алыс сапарға аттанып барамын. Сен маған өмір берген дүниедегі ең қымбаттым едің. Келін түсіріп, қызығын да көрсете алмадым. Немере сүйдіріп, мауқыңды бастыра алмадым. Енді сенің өз жүзіңді көре аламын ба, жоқ па, қадырыңа баға жетпес қайран әке! ” [2.86]. Бұл үзіндідегі Бауыржан Отан алдындағы борышын атқару үшін, ата-анаға деген махаббатын құрбандыққа шалған, отансүйгіш патриот тұлғасының үлгісі болып қалады.

Романның бас кейіпкері Бауыржан Момышұлы бірде Сарыағаш курортында көптен жүріс-тұрысы ұнамай жүрген прокурорды бильярд ойнауға шақырады. Кейіпкер өзі жақтырмаған прокурорға “ Шартық қошқардай шартандауын”, [2.88] деп баға береді.

Бұл айтар сөзін жасқанбай жеткізген айбыны асқақ Бауыржанның турашылғын ғана емес, сөзге тапқырлығын да жеткізген ой болды. Ойын нақты, дәл жеткізетін Бауыржан жалғыз ауыз сөзбен портрет жасады емес пе?!

Шығармада берілген мына монологті оқып отырып, батырлар жырындағы қиын – қыстау кезеңдегі батыр мен оның тұлпары арасындағы диалог еске түседі. Бірақ мұнда тек батыр сөйлейді. Тұлпары тындаушы ғана. «Атаң Тайбурыл Қазан қаласын айнала қоршаған жеті қабат ордан секіріп еді. Атаңа тартқан ат болсаң ырғы, айналайын! Жоқ, мені тастап кете алмайсың, - дедім мен оған. – Секіреміз, құласақ бірге кетеміз!» [2.165].

Бұл монологтен ертегінің ерлеріндей елдің аңызына айналған Бауыржан батырдың адам емес, хайуанға да үлкен сенім білдіріп, асқан мейрімділіктің үлгісін көрсеткенін байқаймыз.

Бауыржанның майдан даласында қолбасшы ғана емес, жауынгерлердің әкесіндей болғанын талай естеліктерден оқып жүрміз. Әрбір шайқасқа аттанарда, шайқастан соң жауынгерлерді шабыттандырып, жігеріне жігер қосып қанаттандырып отыру-талантты қолбасшының ісі. Олай болса, жауынгерін жау ұясын жайратуға жұмсаған қолбасшының оларға деген үлкен ризашылығын білдірген мына монологіне назар аударайық: “Отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын болат батальоным менің!”-дедім өзі-өзімен күбірлеп. – батыр жігіттерім, асыл азаматтарым, айналдым

сендерден. Айналдым осындай ұл тауып, тәрбиелеген аналарың мен аталарыңнан сендердің! [2.192]. Бұл өз ісінен ләззат алған биік адамгершілік иесінің ұжымына деген сүйіспеншілік сезімінің үлгі-өнегесі болмақ.

Бауыржанның келесі монологі алдыңғы ойымыздың дәлеліндей. Қанқұйлы соғыстың кезекті шабуылы алдында солдаттарын қиын да қауіпті жолға шығарып салып тұрып: “Жолдарың болсын, батырларым, бауырларым! Сегізінші февральдің бұл түні сендердің атақ, абыройларыңды арттырсын! Бірақ сендердің өмірілеріңнің ақтық түні болмасын. Бұл түнде ақ қардың үстіне қызыл қандарың төгіліп, қаза ғып менің мойныма жүктелмеңдер, қарақтарым. Сүйегім шашылып қалғанша мен сендердің қасыңдамын. Осы қараңғы түнде сендерге сілтелер найзаға кеудемді қоса тостым мінеки!- [2.205]” деп іштей тебіреніп тұрады. Монолог кейіпкердің ішкі жан – дүниесін, мейрімді жүрегін, бүкіл адами болмыс – бітімін танытады.

Ә.Нұршайықов “Ақиқат пен аңыз” романында Бауыржан батыр образының сан қырлылығын жалаң баяндаумен емес, кейіпкердің өз ойы, пікірімен ашады. Бауыржан образын ашуда монологтің өзіндік орны болды. Кейіпкер характерін беруде монологтік қолданыстардың әсері зор.

1. З.Қабдолов “Сөз өнері” Алматы, “Жазушы” 1983.
2. Ә.Нұршайықов “Ақиқат пен аңыз” Алматы, “Жазушы”, 1978.
3. Абай Құнанбаев “Қара сөздері” Семей, 2007.

«Бауыржан Момышұлы мұрасы
ХІ ғасыр көгінде» атты ҒЗО-ның
жетекші ғылыми қызметкері
Мырза-Ғали Гүлмира

Б.Момышұлының эпистолярлық мұрасы

Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарындағы әдебиеттің олқы тұстарына көңілі толмай сол кезеңдегі жазушылардың, журналистер қауымының әсерсіз-жігерсіз жазылған еңбектеріне ашу-сын айтып, көркем әдебиет тұрғысында пікір білдіреді. Батырдың қатал сыны мен зор талаптары майдан даласынан хаттар арқылы жетіп отырды. Бауыржан әдебиеттің келелі мәселелері жөнінде М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Ә.Тәжібаев, Қ.Сәтбаев, Е.Ысмаилов, С.Кеңесбаев, Д.Еркешов және А.А.Сурков, Оспанов және тағы басқа әдебиетшілермен соғыс жылдарындағы Қазақстан КП(б) орталық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі М.Әбдіхалықов жолдасқа, «Знамя» журналының редакциясына жазушылар мен журналистерге арнайы жолдаған хаттарында баяндады.

Қашанда әділдік үшін, адамгершілік үшін «жаным арымның садағасы» деп күресіп өткен Бауыржан Момышұлының ел басшылығына, жазушыларға хат жазуының себебі, оны мәжбүр еткен жағдайлар М.Әбдіхалықов жолдасқа 1942 жылы 18 тамызда жазған хатында:

«...Ұлы Отан соғысының солдаты қатарында жүріп, соғыстың сын сағаттары мен ауыртпалығын, қайғы-қасіреті мен тақсіретін, жауынгерлік ерлік пен жеңістің қуанышты сәттерін басынан өткізіп, жан-тәнімен, жүрегімен, болмысымен моральдық және адамгершілік жағынан рухани шөліккеген және оған төзімділік көрсетіп жүрген мыңнан астам адамның басшысы ретінде үлкен жауынгерлік коллективтің жан күйзелісін көріп, бастан кешіріп, сезіне отырып парызымды өтеу ретінде - осы хатты жазуға мәжбүр болдым». [1.230], - деп жазады.

Б.Момышұлы - адам жанының тереңіне үңіле білген, жан күйзелісін бірден аңғарып, жауынгер рухының қажеттілігін сезіне білген әскери психолог. Ол «рухы граниттей берік» соғыс жауынгерлері мен командирлеріне адамға тән барлық адамгершілік қасиеттер мен «осалдықтың да жат емес» екендігін айтады. Жауынгер де қажиды, бірде қаһармандық, ерлік көрсетсе, бірде жаны күйзелген сәттерде, енжарлық, жігерсіздік көрсетеді. Жауынгердің де барлық адамға тән махаббат сезімі, Отан, өмір туралы ойлары болады. Майдандағы жауынгерлердің жаны тозып, қуаты кеміген кезде олар күш беретін, өмірге деген құлшыныстарын арттыратын қуат көзі әдебиет үлгілері болып табылады.

Әдебиет адам жанының сұлулығына, эстетикалық әдемілікті бағалай білуіне үлкен үлес қосады. Сонымен қатар, адамның рухын күшеюі үшін, сенімінің артуы үшін оның ішкі дінгегі, жан дүниесі берік болуы керек, ал соғыс жағдайында әдебиет - жауынгерді қаруландыратын рухани күш-құрал.

Бауыржан блиндажда болған бір әңгімені мысалға келтіре отырып, бүкіл жауынгерлердің өздерін серпілтер, көңілдерін жадыратар, үміт сыйлар көркем әдебиеттің қажеттілігін көрсетеді. Майдандағы жауынгерлердің «адам жан дүниесіне арналған үлкен агрегатты конструкция жасап жатқан, көркем әдебиет жазуымен айналысып жүрген жазушылар мен журналистерге» деген наразылығын қанағаттандыруды талап етіп, Б.Момышұлы әдебиетшілерге бірнеше ұсыныстар жасайды. Ол хатта жазушыларға он алты сауал қояды:

1. «Сіздердің қайсыңыз әдебиет майданының қандай бөлімі мен қандай қару түріне (поэзия, проза, драматургия және т.б.) жатасыз? Бұл неғылған бөлім мен қару түрі және Сіздер солдат ретінде соғыс және еңбек майданында не істеп жатырсыз?

2. Сіздердің қайсыңыз жауынгердің жанын жадыратар, оған поэзияның кеуде жарар хош иісін жұтқандай күйге бөлейтін қолда өсірілген раушан мен гул дестені айтпағанда, солдатқа ең болмаса бәйшешек пен тау қызғалдағын сыйладыңыз? » [1.235] дей отырып, осындағы айтқысы келген ойын жазушыларға қойған ұсыныстарының ішіне былайша енгізеді:

«3. Сіздердің қайсыңыз солдаттың жан дүниесі мен жеңіске жетуге оқ, найза және басқа да қару-жарақ сияқты соншалықты қажет ішек-сілені қатыратын, қыран-топан күлкіні айтпағанның өзінде жауынгердің сұсты жүзін жадыратып еріксіз езу тартқызатын әзіл-сықақ әңгіме жаздыңыз?

4. Сіздердің қайсыңыз жауынгердің жан дүниесін ыза-кектің от жалынымен өртейтін, солдатты аяусыз, кекке-кекпен, жанға-жанмен, қанға-қанмен кек алуға үндейтін халықтың мұң мен шерін, қайғы-қасіретін толық көрсететін очерктер (немесе сіздерде әдебиетте не деп айтатын еді) жаздыңыз? (Қосымша: Сағындықов қазақша аударған К.Симоновтың «Өлтір оны» өлеңі).

5. Сіздердің қайсыңыз жауынгерді адамзаттың барлық адамгершілік қасиеті, мақтанышы мен абыройы, туралы ойландырып толғандыратын, ұят, опасыздық пен масқара болу сезімін жеңуге ықпал ететін әдемі, қысқа, қарапайым, ұғынықты, көркемдік қуаты күшті, солдаттарға түсінікті тілде өмір, бахыт, махаббат, семья, ар-ождан мен абырой, даңқ, айбындылық, ерлік туралы шығарма жаздыңыз?

6. Сіздерге солдат ұрысқа өлуге барады деп кім айтты? Жалған! Солдат ұрысқа өлу үшін бармайды, ол да Сіз сияқты өмірді сүйеді, сол үшін де ұрысқа барады.

7. Сіздерге қорқыныш жоқ деп кім айтты? Қорқыныш бар және әрбір тіршілік иесіне тән нәрсе барлық кезде де кездеседі. Қорқыныш сезімін парыз бен адамгершілік борышты терең сезіну арқылы жеңеді адам сезіміндегі осы ақиқат фактіні жасыруға, оны шынайы да айқын етіп, қорқақ пен байбаламшылды, жүрексіз бен қарақан басын ойлаушылықты масқаралап сипаттамауға кім право берді?

8. Сіздерге ерлік – табиғат сыйы деп кім айтты? Жоқ. Ерлік – табиғат емес, саналы әскери тәрбиенің жемісі, Отан алдындағы қасиетті парызыңды

орындау үшін адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленіп, өзінді саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі.

9. Сіздерге солдат жасаған ерлікті, қаһармандықты тиісінше бағаламай, нағыз шынайы фактіні, әсерлі тарихи шындықты, бір өзі билік жүргізуші офицер мен бұйрықты тапжылтпай орындайтын солдатты толық бейнелеп көрсетудің орнына жазушының қиялына беріліп, кемітіп немесе әсірелеп қағазды көркем шимай-шатпақпен бүлдіруге кім право берді?

10. Сіздерге орыс жазушыларының кейбір жақсы шығармаларын түп нұсқаның мән-мазмұнын дәл орыс тіліндегідей қуатпен қазақ тіліне еркін, жеңіл, түсінікті етіп жеткізуді автордан талап етудің орнына, қазақшаға жолма-жол, сөзбе-сөз «ешкімге түсініксіз орыс сөзін қазақша айту) аударуға кім право берді?

11. Соғыс аяқталғанға дейін күтіп отыру позициясын ұстануға, қол қусырып, жазбай, әзірше кездейсоқ материалдарды жинап, әдебиет тосқауылында отыруға Сіздерге кім құқық берді?

12. Кейбір әдебиет ефрейторларына әдебиет майданының полкі мен дивизиясына басшылық етуге жол берген кім?

13. Абай қариядан, оның лирикасы мен данышпандық, даналық ойларын үйде тұтқындап, шығармаларын шағын кітапша етіп бастырып майданға жіберуге кім рұқсат бермеген?

14. Майданға халық даналығы, ертек, әзіл-сықақ, күшті әрі түсінікті, суворовтың қанатты сөздеріндей жауынгерлік халық мәтелдерін жеке кітапша етіп басып жіберуге тыйым салған кім?

15. Дана Жамбылды күнделікті болып жатқан оқиғалардың барысымен үнемі әрі толық хабардар етіп отырмауға, оған сауатсыз, білімсіз, орысша газеттің өзін буындап оқитын хатшы бектіпі, сәйтіп ақсақалды Ұлы Отан соғысының қызу күндерінде оқшау қалдырып, бұл даналықтың қуатты агрегатына «іркіліс» жасауға кім право берді?

16. Сіздерге жүздеген мың жауынгерлерді (орысша түсінбейтін немесе нашар түсінетін) – қазақтарды өз ана тілінде шығатын газет пен әдебиетсіз, ескерусіз (мүлдем) қалдыруға кім право берді?» [1.237] деген сауал тастап, Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде халқымыз Қызыл Армия жауынгерлеріне майдан және жеңіс үшін қолдан келген көмегін беріп отырғандығын, ал әдебиетші қауымның солдатқа оқ қағар мен қару-жарақ секілді ауадай қажет «ішек-сілені қатыратын, қыран-топан күлкіні айтпағанның өзінде жауынгердің сұсты жүзін жадыратып, еріксіз езу тартқызар әзіл-сықақ әңгімені» жазуға неге болмайтындығына қынжылады. Жазушылардың көркем шығарма деп атап жүрген очерктері және журналистердің пулицистикалық шығармаларын қатал сынайды. Бауыржанның жазушыларға қойған ұсыныстарында әскери әдебиет жасаушы азаматтарға сыңаржақтық пікірден арылып, жауынгерді қатып қалған тас емес, ет пен сүйектен жаратылған адам деп танып, ерлік туралы бос көпірме мадақтаулардан гөрі, жауынгер табиғатын таныта түсетін, болмысын аша білетін, әрбір тіршілік иесінде кездесетін қорқыныш сезімінің жауынгерге де тән екендігін ескере отырып, көркем әдебиет жазуды тапсырады.

Бүкіл Кеңес Одағының халықтары үшін, оның ішінде Қазақстан халқы үшін де үлкен сын болған Ұлы Отан соғысының қазақ прозасындағы тақырыбы жөнінде Б.Момышұлы сол сұрапыл жылдарда талай мінбелерде сөйледі. Қазақстанның әдебиеті мен өнері қазақ халқының соғыс жылдарында жасаған ерлігінің, тыл жұмысшыларының берген көмегінің көрінісі бола отырып, қазақстандықтардың рухани күшінің дамуына себеп болды. Б.Момышұлы соғыс жылдары майданда болған қазақ жазушылары жөнінде өзінің «Тема Великой Отечественной войны в казахской прозе» деген баяндамасында былай дейді:

«На фронт отправилось 51 писателей и поэтов, более сотни работников искусства. Они, одев серые солдатские шинели, с оружием в руках становились в строй, они были солдатами войны. Среди них были такие талантливые поэты как Касым Аманжолов, Павел Кузнецов, Дихан Абилов, Жумагали Саин, Абдолла Жумагалиев, Дмитрий Снегин, Абу Сарсембаев, Сырбай Мауленов, композитор Рамазан Елебаев, дирижер Газиз Дугашев, певец Темирбек Кокубаев и др.

Они эти солдаты и офицеры, находясь на переднем крае на различных должностях, умело считали штык с пером». Осылайша, Б.Момышұлы соғыс тақырыбының қазақ әдебиетіндегі орнын айқындайды. Жазушы бұл баяндамасында көптеген қазақ жазушыларының шығармаларын талдайды. Олардың қатарында: Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Ә.Нұрпейісовтың «Курляндия», «Желанный день», панфиловшылардың ерлігі жайында панфиловшылардың өздері жазған М.Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым», Д.Снегиннің «В наступлении» шығармаларына тоқталады. Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының өзіне тән ерекшеліктерімен қатар, «Но тем не менее, роман не свободен от недостатков» [2], - деп, автордың жіберген қателіктерін де атап өткен.

«Қазақстан Ұлы Отан соғысында» атты тақырыпта қандай да бір еңбек жазу үстінде әрбір жазушының ең басты сүйенері соғысқа қатысқан жауынгерлердің естелігі болмақ. Ал, онсыз шынайы шығарма тудыру мүмкін емес. Б.Момышұлы жыл өткен сайын қатары сиреп бара жатқан, Ұлы Отан соғысының тірі куәгерлерінің естеліктерін қажетті материал ретінде пайдаланып қалмаса, жазушылар қауымының енді біраз жыл өткен соң жер жүзін дүр сілкіндірген ҰОС туралы тарихи деректерден айырылып қалатындығын ескертеді. Ол өзінің ел басшылары Қ.Сәтпаевқа, І.Омаровқа, Ж.Оспановқа жазған хаттарында осы мәселеге баса назар аударып, алдағы жылдарда орындалуы кезек күттірмейтін тапсырмаларды былайша тізбектейді:

«Немедленная организация ответственного научного центра в Казахстане, способного собирать факты и материалы на тему – «Казахстан в Великой Отечественной войне», изучать их, обобщать и реализовать их в научных трудах, литературно-художественных произведений и искусстве.

Необходимо создать собственные архивные базы. Ценность собранного материала никогда не будет снижаться, а наоборот, чем больше будет сохраняться материал, тем значение его будет возрастать...» [2]

Мұнда Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысының тарихын құрайтын құжаттардың барлығын келешек ұрпақ игілігіне жаратуы үшін асқан ұқыптылықпен сақтау мақсатында жазған бұл хатында Қазақ Ғылым академиясының мұрағатына көптеген тарихи мәліметтерді тапсырады. Оның ішінде соғыс кезіндегі жауынгер-жазушылардың қолжазбалары, әскери қимыл карталары, стенограммалар т.б. құжаттар бар болатын. Осы мәселе бойынша Б.Момышұлы 1944 жылы 7 наурызда КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Президиумының төрағасы Қаныш Имантайұлы Сәтпаевқа да хат жолдайды. Жауынгерді тәрбиелеу жөрегінен басталатындығын ескерсек, онда тәрбиелеудің құралы әдебиет екендігі айқындала түсетіндігі осы хатта айтылады. Б.Момышұлы осы тұста ондай әдебиетті жазудың бастаулары туралы да жазушыларға бағдар бере кетеді: «Отан соғысында алған тәжірибеміз ата-бабамыздан қалған халқымыздың жауынгерлік дәстүр-мұралары ондай әдебиетті жазуға аумақты, көлемді, сіңімді қорек бола алады». [1.314] Қ.Сәтпаевтың атына жазылған бұл хатта осымен қатар көптеген ұсыныстар айтылады.

Қазақ әдебиетіндегі Ұлы Отан соғысы тақырыбын игерудің алғышарттарын осылай белгілеген Б.Момышұлының бұл бастамасы, қазақ жазушыларына соғыс кезіндегі қазақстандықтардың көрсеткен ерлік істерімен қоса тұрмыс-тіршілігін көркем шығармаға арқау етудің мақсатын айқындап берді. Бірақ, ол осы тұста да өзінің өмірлік кредосы «Әділдікке бас ұрып, у берсең де маған бал» деген қағидасын берік ұстанады. Оны А.Сурковқа жазған хатында: «Я вынужден в этих строках повторить уже сказанное мною, что о войне, о потрясающем человеческом страдании нужно говорить: только и только правду». [3] дейді. Б.Момышұлының осы мәселе туралы майданнан жазған хаттары соғыс тақырыбына қалам тартқан жазушылар мен журналистерге ой салып, өзінің нәтижелі шешімін тауып жатты. Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысы туралы шындықтың көркем әдебиеттегі шынайы бейнесі жөнінде осындай өзекті мәселелерді қозғап хат жазды.

Ал, Ұлы Отан соғысының тарих беттерінде әділ әрі нақты таңбалануы жөнінде, майданнан 1943 жылы 1 қыркүйекте М.Әбдіхалықов және А.Панкратова жолдастарға маңызды мына бір хатты жолдайды.

1943 жылдың жазында тарихшы, академик А.М.Панкратованың ғылыми басшылығымен және сол жылдардағы Қазақстан Компартиясының идеология жөніндегі хатшысы Мұхаметжан Әбдіхалықовтың редакциясымен қазақтың ең бірінші кеңестік тарихы - «Қазақ ССР тарихы» жарыққа шықты. Бұл еңбектің жазылуына ресейлік белгілі ғалым-археологтар, тарихшылар мен заңгерлер: А.Н.Бернштам, М.П.Вяткин, Б.Греков, Н.М.Дружинин, А.П.Кучкин ат салысып, қазақтың М.Әуезов, А.Х.Марғұлан, Е. Бекмаханов, Е.Ысмаилов, Б.Кенжебаев, С.Мұханов, Ғ.М., С.Н.Покровский сынды ғалымдары еңбек етті. Кітапты шығарудағы ұйымдастырушылық

жұмыстарыдың барлығы А.Панкратованың ұсынысымен сол кезде Қазақ ССР халық ағарту комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүрген Ермұхан Бекмахановқа жүктелді. Кітап 1937 жылдың жазықсыз құрбанына айналған С.Асфенияровтың ғылыми еңбегін негізге ала отырып жазылды. Тарихи еңбек төңірегінде, оның жекелеген тараулары туралы көптеген пікірлер айтылып, әсіресе қазақ халқының Ресейге қосылу тарихы жазылған ХІҮ тарауы туралы даулы мәселелер көтерілді. Шовинистік тұрғыдан қарсылық білдіргендердің әрекетіне мойымастан А.Панкратова кітапты көпшілікке ұсынды.

Кітап басылып шыққаннан кейін көп кешікпей Анна Михайловна Б.Момышұлына хат жазып, «Қазақ ССР тарихының» бірінші томын майданға салып жібереді. Саналы ғұмырында туған халқының тарихын қастерлеп өткен Б.Момышұлының Кенесарыдай тарихи тұлға туралы пікірі былай болатын: «Сол кезде, яғни өткен ғасырда өмір сүрген біздің кейбір хандарымыз бен билерімізге, мемлекет қайраткерлерімізге байланысты осындай көзқараста (бұрмалаушылық, жауыз деп танушылық) болдық, ал бізде хан екен, демек антұрған деген ұғым-түсінік болды. Мұның өзін парасаттылық еді деп кім айта алады - сөз жоқ ешкім де айта алмақ емес. Өйткені Кенесарыдан оның көзқарасының Маркс көзқарасымен сәйкес келуін талап етуге болмайды! Олар өз заманының мемлекет қайраткерлері әрі жақсы адамдары болған, сірә мұны теріске шығара қоюға болмас, және де оларды мақтаныш етуіміз керек - олар халықтың абыройы ғой». [2.41]

«Қазақ ССР тарихы» сөзсіз Бауыржан айтқан, халықтың көңілінен шыққан кітап болып табылды. Б.Момышұлы қазақтың тарихы жазылған кітапты оқып шыққаннан кейін ондағы кемшіліктер мен артықшылықтар туралы пікірін жазып А.М.Панкратоваға хат жолдайды Бірақ жазушы соғыс тақырыбы жазылған XXXI тарауының 84-параграфы бойынша кеткен кемшіліктерді сынай отырып, тарихшылардың соған үлкен назар аударғандығын қалайды. «Бір нәрсені істей алу үшін не істеу керектігін біліп алу керек, демек, зерттеп білу қажет. Зерттеп білмейінше білу де, істей алу да мүмкін емес»- дейді, жазушы өз еңбектерінде. [2.98] Ал, кітаптың осы бөлімін автор мәселені терең зерттеп жанын қинамастан, жауынгер психикасы мен соғыс тактикасының тереңіне бойламай, ат үсті асығыс жаза салған «тілшінің шимай-шатпағын жинақтаумен шектелген». Б.Момышұлы «...таптаурындылықпен айтылған сөйлемдерден аяқ алып жүре алмаушылықты, адам қаны селдей аққан ұрыстардың қорытындыларын, жеңістің қиындығы мен қуанышын, сәтсіздіктердің ащы дәмін, соғыстың қанды тәжірибесінің сабағын, командирлердің қолбасшылық жасаудағы жеке адам рөлінің маңызын жинақтай алмаушылықты, тарихи фактілерді шынайы баяндай білмеушілікті» айтады.

Бұл кітапта жіберілген қателіктерді саралап көрсетуде Бауыржан жазушының айтар ойын жеткізе алмай, кейіпкер бейнесін аша алмайды дейді. Дивизияны жасақтаушы «Әскери ұстаз» Иван Василиевич Панфиловтың нағыз әскери портреті берілмей, қолбасшының тактикасының басымдылығы айтылмаған. Бауыржанның қырағы көзді сынына автордың әскери

білімсіздігі ілінеді. Асыра боямалап, әсірелеудің салдарынан шынайылық қасиетін жоғалтқан шығармада «қарапайым, үлгі етер жауынгер, батыл ойланып әрекет ететін епті, тапқыр солдат-азамат көрсетілмегендігі» шығарманы құнсыздандырады. Осы шындықты айта келе Б.Момышұлы бірнеше кемшіліктерді тізбелеп көрсетеді. «Бүгінгі оқиға - ертеңгі тарих» дегендей, соғыс майданындағы әскери күштердің, дивизияның ұрыс қимылы екі жақтағы болып жатқан жағдайлармен байланыстырылмаған. Жауынгерлердің ұрыс қимылының мәні ашылып көрсетілмеген бұл шығарманы Б.Момышұлы «шынайы әрі сауатты түрде баяндалмаған» деп бағалайды. Шығарманың бұл тарауындағы жіберілген қателіктердің бірі деп, батыр, «жақын қашықтықтағы ұрыс, тактикалық ойлау, тактикалық мақсаттағы офицерлер көрсетілмеген: Ерлік ең алдымен офицерлердің батыл түрде қабылдаған шешіміне, көрегендікке, жағдайды және күштердің ара салмағын дәл есептей білушілігіне, сенімділік пен іс-қимылға, творчестволық ойға, қабылдаған шешімді жүзеге асырудағы қайтпас жігерге, ұрысты, оқ жаудыруды, солдаттардың сезімі мен психикасын басқарудағы терең ойластырылған іс-әрекетке, бөлімдер мен бөлімшелердің шебер, ақылды әскери басшысына, олардың кез-келген жағдайдағы, ұрыстағы рөліне байланысты. Ал оны жалпы сөйлеммен «..пәленшенің басшылық етуімен» деп шектеудің жөн еместігін баяндайды. Батырдың пайымдауынша, бұл бөлімде ұрпаққа үлгі етер жауынгер, жауынгерге тән ерекше қасиеттерді бейнелей алмай, «батыл, ойланып әрекет ететін, епті, тапқыр солдат-азамат келбеті кескінделмеген. Ұрандап жазылған кейбір бөлімдерде жауынгердің жеңіске жетуінің себептері мен заңдылықтары көрініс таппаған» бұл шығарманы, Бауыржан сөйлем құрылымы жағынан да сынға алады: «Автор өзінің сөйлем құрылымына көңіл аудара бермейді, тіпті ерсілеу лепірме, терең ойластырылмаған, шындыққа үйлеспейтін сөйлемдер, кез-келген әдеп шеңберінен шығып кететін, барып тұрған шылқыған өтірік, мысалыға: «Полковник Капровтың басшылығымен соғысқан полк табандылық пен ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. Бұл полк жалғыз өзі бес іріктелген неміс дивизиясының шабуылына тойтарыс берді»?!- Мұндай оқиғаны күні бүгінге дейін соғыс тарихы білген емес, мен тірі куәгер ретінде, әскери ғылымға және ұрыстың қарапайым тәжірибелеріне сүйене отырып, алдағы уақытта да соғыс тарихында мұндай полктардың болмайтынына сендіре аламын. Шамасы, тактика да математика еместігін, соғыста шама өзінің тұрақтылығын сақтай алмайтындығын автор ойламаған сияқты, қандай да болмасын ұрыста ойламаған, күтпеген оқиғалар болып тұрады, бірақ олар белгілі заңға-соғыс тәжірибесі мүмкіндігінің шегіне шектеледі. Мұндай қисынсыз жолдар кітаптың құндылығын төмендетеді»-дейді.

8-гвардияның даңқын асқақтатқан, әлемге атын әйгілеп, үлкен абырой әкелген Мәскеу түбіндегі жеңіс пен 1942 жылғы қысқы шабуылға шығу Отан соғысы барысындағы олардың әр қайсысының оқиғалары мен жағдайлары, уақыттары мен ұрыс жүргізу кезеңдері бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктерімен жеке тарихи кезең, бас-басына үлкен жеңіс болып табылады. Бауыржан: «Осы екі жағдай, тарихи бетбұрыс кезеңдерде дивизия

ар-намысты жоғары ұстап және басқалардан айрықша, қойылған міндеттерді абыроймен орындап шықты.

Даңқты жауынгерлік істердің бұл екі кезеңі кітапта жеке-жеке көрсетілмеген», - дейді.

Бауыржан әскери ғылымда Панфиловты ұстаз тұтып, ерлігі елге өнеге қолбасшының соғыс тарихында алар орны мен дәрежесін өз шығармаларында көрсетеді:

Қолбасшы болсаң сондай бол,

Жосылып жатқан жолдай бол.

...

Кешегі өткен Панфилов

Қолбасшы еді осындай

Заманға туған данадай...

деген өлең жолдарын ол қарапайым бозбаладан ер жүрек жауынгер тәрбиелеудің шебері Панфиловқа арнайды. Бауыржан осындай айбынды ерді тарихшыларымыздың өз дәрежесінде бейнелей алмауына реніш білдіреді:

«Иван Василиевич Панфиловтың күш жағынан тең келмес соны ұрыстарды жүргізуші командир, ұйымдастырушы әрі басшысы, әскери ойдың, тактиканың батыл жаңашылы, солдаттарды тәрбиелеуші-методист ретіндегі портреті берілмеген»-дейді.

Бұл тарихи еңбекте Панфиловтың жолын қуған «із басарлары мен оның лайықты ісін сенімді түрде жалғастырушылар туралы, зерделі, шебер командир, дивизия қолбасшысы генерал Иван Михайлович Чистяков жөнінде кітапта бірде-бір сөз айтылмапты», - деп, Чистяковтың басшылығымен дивизия шабуылдағы ұрыстарда жеңіске жетіп, Ленин орденімен наградталғандығын айтады. Тарихи шындытың өтірікпен шырмалып ұмытылып кетпеуін көксеген батыр кітап авторларына Панфиловтың ізбасарларының ерлік істерін тарих беттеріне жазудың маңыздылығын ескертеді. Қолбасшы Чистяков Б. Момышұлының Панфиловтан кейінгі үлгі етер әскери басшысы болған. «Қайран сегіз» поэмасында Бауыржан:

Панфилов қаза тапқан соң,

Бастады бізді Чистяков

Панфиловтың жолымен

Ақылға салып іс істеп,

Соғысқа ендік жөнімен...

деп, Чистяковтың майдандағы ерлігі мен жауынгерлерге сіңірген тәрбиесі жөнінде сөз қозғайды. Тарихтың жазбагерлеріне өткенді ұмытпай бүгінгімен сабақтастыра отырып шындықты жазуды тапсырады. Хат соңында екінші басылымда осындай олқылықтар кездеспес үшін, жазушы немесе кітап баспасының қызметкерлері майдан шындығын көзімен көріп, сезіну үшін соғыс даласына бір айға келіп немесе дивизия тарихын ұрысқа қатысқан басшылардың тиісті ақыл-кеңес беруімен, майдандағы істің жай-жапсарын егжей-тегжейлі бейнелей алатындай дәрежеде зерттеу жүргізіп барып іске кіріскеннің дұрыстығын айтады.

Тарих мәселелері, қоғамдық мәселелер жөнінде тарих жазбагерлеріне жазған хатында «халық даналығына» көп көңіл бөлгенді жөн көреді. Түп тамыр, алтын діңгек саналатын халық мұрасының майдан жөнінде жазылған тарихи шығармаларда қадір-қасиетін арттыра суреттеудің мәні зор, «ұрпаққа берері мол» екендігін баяндайды. Бауыржан тарих, өткен күн мәселесін, ондағы қазақ халқының ерліктері мен өнегелері ешқандай саясат сүрлеуіне салынбай, әділдікпен суреттелсе деген пікірін тек осы хатында ғана жазып шектелмейді.

Бауыржан Момышұлы қазақ халқының соғыс тарихы сол Отан соғысынан басталуға тиіс екендігін айтады: «Бірақ осы соғысқа қатысқан қазақ халқының өмірі, ерлік қимылы дер кезінде тарих айнасына түсіп отырған жоқ. Қазақ халқы осы соғыс тұсында бүкіл дүние жүзіне қазақ екенін танытты. Соғыста шынықты, шындалды, жоғары көтерілді. Біздің жазушылар, тарихшылар, ғылыми қызметкерлер, осы шындықты жазып, жас қауымды тәрбиелеуі керек еді, бірақ бұл істелген жоқ» - дейді - «Майданда қаһарман қазақ жігіттері аз емес, көбі өліп те кетті. Солардың бірде-бірі қағаз бетіне түспей қалып барады. Шындықты жазу заң, себебі өтірік әдебиетке, мәдениетке, келешегімізге кесір. Өтіріктің өмірі ұзақ емес. Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам», - деген Бауыржан қазақ ұлтының рухы биік ұлдарына тиісті бағасын беріп, тарихтың төрінен лайықты орынды ұсынудың керектігін айтады. Елдің тұтқасы-майданда қан төгіп, ерлікпен соғысып жүрген қазақ жастарының, азаматтарының ерлігін жазбауды, тарихтың кешірмейтіндігін, лайықты жазалайтындығын айтып ескертеді. Тарих жазбагерлерінен батырдың талап еткені-тарихи шындықтың бұрмаланбауы, саясаттың сан тарапты әдісі мен тәсіліне мойынсұнбауы, келер ұрпақ ұлтын мақтаныш тұтатын тарихи еңбектердің құндылығын төмендетпеу болатын.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. - Алматы: Қазақстан, 1991. – 400 б.
2. Қазақстан Республикасының Орталық мұрағаты. Қор № 1432, Тізбе №2, Іс №83 Б.Момышұлының Қ.Сатпаевқа, І.Омаровқа, Ж.Оспановқа жазған хаттары.
3. Қазақстан Республикасының Орталық мұрағаты. Қор № 1432, Тізбе №2, Іс №130 Б.Момышұлының А.Сурковқа жазған хаты.

Белботаев Алмасбек Батанұлы
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті, ф.ғ.к.,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры

БАТЫР ЖАЗУШЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Баяндамамыздың атын бұлайша қоюымыздың өз заңдылығы бар. Оған үш түрлі жай негіз болды. Олар:

1. Батыр жазушының өз еліне, халқына, туған ұлтына, тіліне деген махаббаты;

2. Осыдан туындайтын, өз жүрек әмірімен, сонау бір қаһарлы да отты жылдары (22.02.1944), бүгінде мемлекеттік тіл болып отырған АНА ТІЛІМІЗ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ болашақ тағдырына қатысты алаңдап жазған «Қазақ тілі туралы пікір» атты айтулы хаты;

3. Оның өз ғұмырында әрі ақындық, әрі жазушылық мазмұнда жазған шығармашылық еңбектерінің молдығы, ондағы сөзқолданыстарының өзіндік айшықтылығы, ана тілі – қазақ тілін қолдануда оған жауаптылықпен қарауы, сондай-ақ, шығармаларында қазақ этносына қатысты әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлеріне көзқарастары мен пікірлері т.б. десек те болады.

Егер газет тілімен айтсақ: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп елі мен жері үшін етігімен қан кешіп жүріп, туған халқының ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрі мен тілін сонау қиын-қыстау кездерде жанұшыра, қызғыштай қорыған, бастары құлдықтың ноктасына симай кеткен арыстарымыз аз емес. Ресей империясына бодан болған замандарда қазақтың қаймағы бұзылмаған ана тілінің саф алтындай құндылықтары сарқыла бастады. Ол кездерде ұлт туралы, дәстүр туралы, тіл туралы ой-толғау «ескіліктің, ұлтшылдықтың» белгісіндей, өзіне-өзі қол жұмсаумен бірдей еді. Бірақ жанын шүбереке түйіп ұлтының баға жетпес байлығынан айрылып бара жатқанын біле, көре тұрып үндемей қалуын болашақ ұрпақтың алдында ар санаған, оны айтып қалуды өздерінің басты парызы екенін сезіне отырып, бар даусымен жар салып, шындықты жеткізген батыр, екжүрек арыстарымыз да болды» [1]. Солардың бірі - халқымыздың бір туар хаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы еді. Ол осыдан тура 66 жыл бұрын, дәлірек айтсақ 1944 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалықовқа хат жазды. Ол кезде батыр жазушы майданнан жараланып, емделуге сол кездегі еліміздің астанасы болған Алматыға келіп, өз сөзімен айтқанда «шамалы күн кеселханада» жатыр еді. Хатында қазақ тілінің дәл қазіргі алаңдатарлық күйін батыр бабамыз сол кезде-ақ сезгендей.

«Тіл маманы болмасам да, Алматыға келгелі Орталық «Социалистік Қазақстан» газетін оқып, кейбір кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі

кітаптарды желе-жорта қарап шығып, күннен күнге ұлғайып, шым-шытырық «шүршіттенуді» көзбен көре, құлақпен ести отырып, дәтім шыдамай жазайын деп отырғаным - тіл мәселесі туралы»[1], - деп басталатын бұл хатында жазушы қасиетті ана тіліміздің қағажу көрген тұстарын дәл танып, сүйекке жетердей етіп айғақты дәлелдермен айтқан.

Бүгінде сол бір мәселе ақын бабамыз Абай айтпақшы, «Баяғы жартас бір жартас» күйінде қалып тұр. Батыр жазушы бұл жан айқайын сол бір Кеңес үкіметі дәуірлеп, Сталиннің қылышынан қаны тамып тұрған кезде бұқпай, жасқанбай-ақ айтып, жазып кетті. Мұндайда, егер Бауыржан атамыз дәл қазір тіріліп келіп, бүгінгі жағдайымызды көрсе не істер еді деген ойға да қалады екенсің. Қазіргі жағдайда Егеменді ел болып, өзінің Туы мен Елтаңбасы бар Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілінің өз жерінде өгейдің күйін кешіп отырғанын көрсе, маңдайымыздан сипай қоймасы да анық-ау!

Батыр баба хатының басында тілге анықтама береді, сондай-ақ Ана тілінің қадір-қасиетіне тоқталады. Бұлар жайлы айтқан сөздерін қазақ халқының мақал-мәтелдерімен шебер көркемдеген.

Қысқартып айтар болсақ, батыр баба сол кезде нені айтты, нені кейінгі ұрпаққа аманат етті? Батыр жазушының өз сөзімен айтқанда: «Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе. Жоғарыдағы айтылған лажсыздан өте ұзын сөз бастамасы, негізінде даусыз болса, осы кездегі тіл жөніндегі кемістіктерге төменде біраз, қысқаша – үстірт тоқтағым келеді» [1], - дейді де бұдан соң сол кездегі ана тіліміз – қазақ тілінің қоғамымыздағы қолданылу-тұтыну жағдайына сегіз тармақтан тұратын төмендегідей сын-пікірлерді айтады:

1. Өз ана тілімізді кем санап (сөздік қоры аз, тіл байлығы кедей деп – А.Б.), орысша сөйлеп, жазуды дұрыс көрген сол кездегі жағдайды сынайды.

2. Осы таңда (сол кезде – А.Б.) қазақ тілін «дөрекі, икемсіз, топас, кедей тіл ... Онымен айтайын деген ойыңды, пікіріңді еркін айта алмайсың...» деп дұрыс бағаламай, ана тіліміз – қазақ тіліне жала жауып, теріс-зиянды жағдайдың құлдығында жүрген ұғымсыз-жалқау «дүмше молда дін бұзардың» кебін киіп, сәлдесін орап, тіл бұзушы азамат-азаматшалар да, жүгенсіз арсыз топастар да қазақ арасында молайып келе жатқанға ұқсайтынын айтады.

3. Осы кезде аздап орысша білгеніне мәз болып, төбесі көкке жеткен, ана тіліне көңіл бөлмей, оны әліне қарамай, менсінбей, не орысшаны не қазақшаны дұрыс сөйлей алмай шылдыр-батпаққа бөленіп жүрген, келбетсіз тіл азғыны масқараларды Алматының жауапты деген қызметкерлерінің арасынан да кездестіруге болатынын айтады.

4. Кейбір тіл мамандарын өз ана тілін орыс тілімен араластыра сөйлейтіндігін (40-50 %) сынайды.

5. Газет пен радио елге ең жақын, барлық жаңалықтарды елге түр-түрлерімен қоғамдық әр алуан арнасынан күнделікті жеткізіп тұратын арнаулы үлгі-насихат құралдары деп саналады. Бұл жерде газет-радионың тілін шала, таза еместігімен, сондай-ақ, сазын сынайды.

6. Қазақтың тілін орысшамен байытамыз деген «талабы таудай» жігіттер үшін қазақша іркілмей айтатын сөздердің орнына, жан қинамай орысшаны төгіп-төгіп жіберу көбіне әдет болып кетіпті (сынап отыр – А.Б). Мысалы: район дейді – аудан деудің орнына, село – қыстақ, плен – тұтқын, дизертир – қашқын, доклад – баяндама, компания – науқан, пропаганда – үгіт, дисциплина – тәртіп, герой – батыр, наступление – шабуыл, грамматика – тіл құралы, хрестоматия – оқу құралы т.б.

7. Кейбір аудандық орындар қазақ ауылдарына орыс тілінде қағаздар жазып жібере салуды күнделікті қызметтерінде әдетке айналдырған көрінеді. Олар былай тұрсын, 1942 жылы Жазушылар одағы ауылдағы халық ақындарына орыс тілінде анкета жолдап, орысша өмірбаянын жазып жіберу туралы ұялмай-қызармай жібергені осы кезде елдің аузында күлкі-әңгіме қатарында айтылып жүрген көрінеді.

8. «Балық басынан шіридінің» кері келіп, бізде ант ұрғанда алдымен оқымыстыларды ант ұрып балдыр-батпаққа солар салып, тілді сақтап тұруға, үлгі болудың орнына, әдебиет тілімізден айрылуға себепкер болып барады. Оған дәлел, ана тілін сүймегендік, білмегендік, ұлт сезімін жоя отырып, ұлт безерлік тудырады. Оны үкімет, партия орындары адамгершілік жолына бөгет зиянды ауруы деп тануы керек.

Қазақ мектебінде оқымағаннан кейін, қазақ балалары көшеде ойнап жүргенде де орысша сөйлеп, үй-ішінде де ата-анасымен орысша былдырласып, осы кезде ана тілінен мүлде құр қалған жастар қалада көбейіпті [1], - дейді.

Осы айтылған сын-пікірлеріне орай батыр жазушы бабамыз «Сондықтан тарихи, ғылыми, саяси әділеттік, меніңше, мынадай ұсыныстарды тілейді», – дей келіп, тоғыз бөліктен тұратын өз ұсыныс-пікірлерін де айтады. Олар:

1. 1935-1936 ж. бастап қазақ ана тілінің қасақана бұрмалана, бүлдіріле бастағанын, оған кінәлі-жазықтыларды айыптаудың керектігін айтты.

2. Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып саналып, төрге шығарылып, бұл катал төңкеріс түрінде іске асырылғаны жөн екендігін айтады.

3. Аяқ асты елеусіз болып кеткен қазақыландыру мәселесін ең алдымен қазақтардың өздерінен, тіл жөнінен тәртіптеуден бастап, барлық үкімет, кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында қайтадан әділдікпен көтеріліп, қолға алынуы жөн екендігін атап көрсетеді.

4. Орталық «Социалистік Қазақстан» газетінің барлық мақалалары қазақтың еркін, анық таза тілімен көсіле жазылып, «Правда» газетіне ұқсап тіл тазалығы жағынан басқаларға үлгі болғанының жөн екендігін, сондай-ақ, Алматы радиосына саналы, салмақты, жауапты қазақтың ана тілінің тазалығын қабырғасы қайыса ойлайтұғын адамдар дайындалып, осы кездегі қоқыр-соқырлар қуылып, құлақ құрышын қандыратарлық тілі дәмденіп, елге сүйкімді, түсінікті айтатын орынға айналуы керектігін көрсетеді.

5. Барлық оқу орындарында қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тарихы пәндерінің міндетті сабақ болуы керектігін айтады.

6. Бұл жерде батыр жазушы сол кездегі қаладағы қазақтың ұл-қыздарының төрттен үшінен көбінің орыс мектептерінде оқитындықтарынан ана тілінен хабарсыз жастардың өсуі молайып келе жатқандығын, оған ата-аналардың әуестігін айтып алаңдап, осы себепті барлық қазақ ұл балалары мен қыз балаларын әкімшілік ретінде қазақ мектептеріне көшіріліп, алдымен ана тілінде ғылым алатын болуы қажеттігін айтады.

7. Барлық қазақ тіліндегі әдебиет, оқу құралдары қайта қаралып, шүршіттіктен тазаланып, елгезермен елегендей, қоқыс-құрымнан мүлде арылуы керектігін көрсетеді.

8. Тіл мәселесінде оның тазалығын сақтауды, сөздіктер жасауда Дальдің және Ушаковтың еңбектерін үлгі етуді ұсынады.

9. Ел басқарған халық азаматтарының ана тілімен таза сөйлеп, шешендік, шеберлікпен ойдағысын айта, ұғындыра білу салты, санасы, ақыл мөлшері болып келгендігін, бұған мысалдың көп екендігін, сондықтан әлі де солай болғанының жөн екендігін айтады.

Дәл қазіргі күнде «Тіл! Тіл!»-деп айқайламаған патриот жоқ. Тіл туралы күнде дерлік бас қосқан жиындарда, үлкенді-кішілі жиналыстарда айтылып жүр. Айырмашылығы сол, «Тіл! Тіл!»-деп айқайласаң сені ешкім сөкпейді. Ал, Бауыржан Момышұлы алғаш зор даусымен, өр даусымен айқайлағанда ол жалғыз еді. Өкіметтің қылышынан қан тамып тұрған кезі еді. Бірақ, батыр жазушының сол бір хатынан кейін «Орталықта» алдын алу шаралары қаралып, даярлыққа түскенін Бауыржан өзінің майдандас досы Құрманбек Сағындықовқа жазған хатында: «Қазақ тілінің қазіргі кезеңдегі даму жайы туралы 20 беттей мақала жаздым-Мұхаметжан кеңес шақырды-көптеген шаралар белгіленіп отыр, тамаша документ болып шықты», -деп жазды. Мұнан біз бұл салада елеулі өзгеріс болатынына Б.Момышұлының сол кезде сенгенін, қуанышты сезімін байқаймыз. Бірақ ол кездегі қырағы цензура мен ортақ тіл, ортақ жасау саясатын ұстанған кеңесшіл шенеуніктер бұған жол бермеді. Ал, біздің бүгінгі күні бүкіл ел болып тіл үшін, ана тіліміз әрі мемлекеттік тіл – қазақ тілі үшін күресіміз қандай нәтижелер беріп жатыр?..

Сол кездің өзінде-ақ батыр-жазушыны толғандырған, болашағынан алаңдатқан үлкен мәселе - қазақ тілі болды. Тіл - ежелден келе жатқан халықтың мәдениеті, әдебиеті, ұлттық жәдігеріміздің ұйытқысы болғандықтан да, жазушы «Тілсізді-айуан дейді. Тілі кедей елді мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды»[1], -деп шамасы келгенше айтып, қынжылады. Тілімізді қастерлесек мемлекеттігімізді сақтап қалу мүмкіндігінің жоғары екендігі анық. Ұлттың ұлт болып тарихта қалуы да оның тілінің өміршеңдігіне байланысты. Б.Момышұлы өз хатында: «Қазақ тілі еш уақытта, өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді», -дейді. Туған ана тілімізді құрметтемей оны өз қолымызбен сорлылыққа душар етуіміз үлкен қателік болмай ма? Батырдың жанын ауыртқан, тынышын алған мәселеге ана тілімізге деген өз қандастарымыздың қарым-қатынасы. Сол кезеңдегі әдебиет жасаушы азаматтардың арсындағы кейбір «дүмшелердің» іс-әрекетін қатты

сынға алады. Аздап орысша біліп, «нан сұрай алатын» қалға жеткен «келбетсіз тіл азғыны масқараларды» сол уақыттағы қызметкерлердің арасынан көптеп кездестіруге болатындығын айтады.

Жазушылар қауымындағы кездесетін сол кезеңнің «жаңалығы ма», жоқ әлде сол кезеңнің «өзіндік стилі» ме, әйтеуір, қарапайым оқырманның түсінуіне қиын тіл бұрмалаушылықтары да, Бауыржанның қырағы назарынан тыс қалмаған. Бұл жерде біз Бауыржанның сөйлем құрылысына мән беріп отырғандығын айтсақ, ендігі бірде батырдың сол кездегі әдебиетшілердің кірме сөздерді, орысша сөздердің орынды орынсыз тілді шұбарлауына жол бергендіктерін айтады. Орыстандыру саясатының әсерінен тіліміздің ауытқуға түсуіне, орыс тіліндегі сөздер мен атаулардың орысша қалай айтылса, дәл солай қалпында айтылуы, біздің тіліміздің ұлттық ерекшелігімен санасуға мән берілмеуі – батырдың пікірінше, «балық басынан шіриді» дегендей, сол кездегі ел басшылары мен әдебиеттің көшбасындағы ағаларымыздың осалдығынан жіберілген қате болса керек.

Өкінішке орай, қоғамды билеушілердің бүгінгі таңдағы тілге деген құрметі сөз жүзінде болмаса, іс жүзінде мәз емес. Сонау бір сұрапыл соғыс жылдарында майданнан жараланып, емдеуге келген Бауыржан Момышұлының халықтың жан айқайы ретінде жазған хатында, сол кездегі қазақ халқының ана тілі мен ата-дәстүрін, қастерлейтін «өгей ұлдардың», «өгей қыздарының» шыға бастағанын, ана тілі мен ата салтына деген нигилистік көзқарастың түбі жақсылыққа әкелмейтінін асқан көрегендікпен ескертеді. Батыр жазушы Бауыржан бас көтеріп, тіл мәселесін қозғаған тұсы халқымыздың Кеңес Одағының құрамындағы кезі болса, бүгінде тәуелсіздік алғаннан бері де біраз уақыт өтті. Бірақ ұлт тілінің жағдайы әлі де жақсара қойған жоқ.. Осыдан 66 жыл бұрын сол бір көрегендікпен айтып кеткен Б.Момышұлының «Қазақ тілін архивке тапсыру болып шықпай ма» деген күдіктері бүгінде шынға айналмасына кім кепіл бола алады?

Қысқасы, өзі тіл маманы емес, сонда да жоғарыда атағанымыздай, бүгінгі таңда әлі де маңызын жоймаған қадау-қадау пікірлер мен ұсыныстар айтқан батыр жазушы Бауыржан Момышұлының сол бір жылдардағы сөздері бүгінгі және болашақ ұрпаққа сабақ әрі аманат болса керек. Ал ол аманатты орындау бүгінгі біздердің, ертеңгі болашақ ұрпақтың басты міндетіміз болмақ.

Әдебиеттер:

1. Бауыржан Момышұлы. Қазақ тілі туралы пікір. – «Ана тілі» Ұлт газеті. №25 (966). 25 маусым – 1 шілде, 2009 жыл.

Жұмабекова Гүлбақыт Алхатқызы, Сансызбаева Гауһар Қаражанқызы

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

АБЫРОЙЫ АСҚАҚТАҒАН ҰЛТ БАТЫРЫ

Бауыржан Момышұлының бүкіл табиғатына, тұлғасына, болмысына, өмір жолдарына бір-ақ қана теңеу бар. Ол – Батыр. Қалған атақ-даңқтарының бәрі Батырдың от бейнесінің жалын шашқан шоқтары. Тек өзіне тән өшпес ерлігімен қазақ халқының абыройын асқақтатар ұлт батыры атанған, қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар майдангер – жазушы Б.Момышұлы шығармашылығы қазақ халқының тарихында мәңгілік өшпес із қалдырды.

Бауыржан шығармалары майдан шебінде жүріп, көзі көрген өмір тәрбиесінен алынған отты жүректің, ыстық қанмен жазылған туындылар болмақ. Осыған өзі айтып өткен мына сөздері толық дәлел: «Менің шығармаларым тұтастай және толығымен менің өз басымның естеліктеріне, ерекше делінген эпизодтар естеліктерінің жиынтығынан іріктеп, екшеп алынған елеулі көріністерге негізделген. Оларда ойдан шығарылған оқиғалар да, ойдан жасалған адамдар да жоқ».

Демек, Бауыржанның шығармалары бастан кешкен, көзбен көрген оқиғаларға толы, әрі әлеуметтік қоғамдық мағынасы басым туындылар болмақ.

Бауыржанның тұңғыш туындысы болған, қазақ әдебиетіндегі шаттығы биік шығармалардың бірі – «Ұшқан ұя».

«Ұшқан ұя» повесі мемуарлық жанрдағы шығарма ретінде жазылғанмен, ол проза деңгейіне көтерілген ұлттық сипатта жазылған нағыз көркем туынды.

Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» еңбегін ұлттық салт-дәстүрімізді, көркем шығармаға мазмұндап берген этнографиялық еңбек деп айтуға толық негіз бар. Шығармадағы негізгі мәселе – Адам, оның кемелдену жолдары болса, шығарма сюжеті осы адамдардың өзара әңгімелесуі, кеңесуі арқылы дамиды.

Ұлттық тағылымның түп төркінін шығарманың бас кейіпкері бала Бауыржанның іс-әрекеті, отбасындағы болмысы, өскен ортасына деген қарым-қатынасы арқылы байқаймыз. Шығармадағы әр жолдың айтар ойы айқын: адалдық, мейірімділік, жомарттық, ұстамдылық, ұят-намысшылдық, ел қамын ойлау...

Шығарманың негізіне айналған осы қасиеттерді автор өз кейіпкерлері арқылы көрсетіп отырады. Автор «Ұшқан ұядағы» оқиғаның түп өзегін әже бейнесі арқылы өрбітеді. Туындының өн бойында әже образы тектіліктің, кеменгерліктің дінгегі ретінде суреттелген. Отбасының ғана емес, ауылдың ақылшысына айналған әже бейнесін автор аса сүйіспеншілікпен бейнелеген. Әуезді әуенімен әлпештеп, әлдилеп айтқан бесік жыры да, қалагердің жүрегінде сақталған. Жазушы өз өмірінің темірқазығына айналған

тәлім – тәрбиенің негізі ертегі мен көне әңгімелерден қалғанын жас ұрпаққа өнеге етеді.

«Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқамын» Менің қазіргі келіндерім немелеріне бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керек боп қалмаса деп қорқамын»(2.15.) - деп қамығуында терең психологиялық астар бар.

Қаламгердің майдан тақырыбында жазылған көркем туындысының ендігі бірі – «Қанмен жазылған кітап» шығармасы. Б.Момышұлының соғыс тақырыбындағы шығармашылығына бармас бұрын, оның соғыс туралы түсінігін, сондай-ақ «ет пен сүйектен жаралған» адамдар тағдыры туралы ұғымының мәнін ашып алуымыз қажет. Ал, бұған тіреніш болар шығарма ол «Қанмен жазылған кітап» болмақ. Онда, айтылатын ой – соғыс, оның қасіреті, ондағы адам тағдыры, соғыста жеңіске жетудің айла-тәсілі, жауынгер мен командирдің жан дүние иірімдері мен адами қасиет-қабілеттері жайлы тебіреністері болмақ.

Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» туындысында, ержүрек батыл кейіпкерлер өмірде шын болатын табиғи қалпында құралған. Аты аңызға айналған ұлт батыры Бауыржанның шығармалары тереңге тартқан ерлік пен өнегеліктің сарқылмас қазынасы іспетті туындылар.

Жалпы, соғыстан кейінгі қазақ әдебиетін Бауыржан Момышұлының шығармаларынсыз қарап, бағалау мүмкін емес. Бауыржан орысша жазса да, қазақша жазса да, ұлттық өрнектен айырылмаған қазақ жазушысы.

Б.Момышұлы шығармаларының маңызы – оқиғаларды шыншылдықпен бейнелеуінде, борыш, ар-намыс, сенім, патриотизм сияқты моральдық-этикалық мәселелерді шешуге құралады.

Сондай-ақ, Б.Момышұлы – қанды майдан шебінде ерлігімен батыр атанған, ұшқыр ойларымен әдебиет майданында да қалам тартқан, өз жауынгерлігіне үлгілі басшы бола білумен бірге, «асыл сөзден маржан тере білген» аз сөзбен көп мағына беретін мақал – мәтелдерден де қалам тартқан терең ойлы, кең өрісті қаламгер.

Қан майданда жауынгерлердің рухын көтеріп, ерлікке бастауда, өмірде өнегелік дәріс болардай, халықтық қанатты сөздер мен мақал – мәтелдерінің орасан зор мән маңызы болғандығын өзінің жауынгерлік жолында анық түйген Б.Момышұлы, қазақ халқының бай ауыз әдебиеті үлгілерімен мақал-мәтелдерді жинап, жариялау да аса қажет нәрсе екенін айтқан.

Б.Момышұлының мақал-мәтелдері өмір шындығының қорытындысы, ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру ережесі секілді қымбат мұра.

Ақыл-ой үлкен істерді, күрделі теориялық және практикалық мәселелерді шешуге өте қажет. Негізінен мақал – мәтелдер сөйлеген адамның шешендігін, тапқырлығы мен ой ұшқырлығын байытады. Демек, ой екіге

бөлінеді, біреуден естіген не көпшілікке әйгілі мағлұматтарды қайталау, екіншісі, ойдың ойланып толғануына байланысты түрі. Мұны өнімді (продуктивті) ой дейді. Бауыржанда өнімді ой. Ол мақал-мәтелдерді ойланып-толғанып, ойынан саралап шығарған.(4.18)

Бауыржанның отыздан аса мақал-мәтелдері бар.(4.41)

Бауыржан өз жанынан ойымен сараптап, өмірдің өзінен алынған, көптеген мақал – мәтелдер шығарып, оны керекті жерінде ұтымды пайдалана білген.

Бұл мақал-мәтелдердің басым көпшілігі, Отан үшін басын бәйгеге тігіп, жауға қасқая қарсы тұрған ерлердің ерлігін мадақтап, шабыттандыруға арналған. Мәселен: Горюны түбінде жаудан жасқанбай жалғыз өзі қасқая қарсы тұрған танкистің батырлығына риза болып: «Айбындана шапқаннан ажал де сескенеді» деген, сондай-ақ «Өмірді сүйген - өлімнен қорықпақ емес», «Өлімнің көзіне жасқанбай тіке қарасаң, ол тайсалады» деген мақал-мәтелдері өмір барысында көрініс тауып, оны керекті жерінде ұтымды пайдалануының бірден-бір дәлелі.

Бауыржанның мақал-мәтелдеріндегі көтерілген мәселелер отбасындағы тәрбие, намыс, парыз, ержүректілік пен қорқақтық, ерлік, тәртіп мәселелеріне, ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөліп, әр қазақ халқы қауымының намысты қолдан бермейтін, парызды жүрегімен сезіне білетін, опасыздық пен қорқақтықты білмейтін өз еліне нағыз ержүрек, батыр ұл болуын тілейді.

Сондай-ақ, ол жастарды өз ұлтының мақтанышы, Отанын шексіз сүйетін патриот болуы керек екенін айтады. Оған Бауыржанның мына бір сөзі толық дәлел: «Отаныңды сүйіндер, оны қорғандар, оған қызмет етіңдер». Бауыржан Момышұлы мақал-мәтелдері қыналы ойдың құнды қазынасы, елдің елдігі, ердің ерлігі, сыналған сұрапыл жылдардан жеткен сол нақыл сөздер қазір де халыққа керек, келешекке қажет қасиетті дүниелер.

Жалпы мақал-мәтел жазушының тілге деген ұқыптылығын, тіл тазалығына деген кірпияздылығын, суретті сөзге деген зергерлігін қалыптастырған. Бауыржан Момышұлының мақал-мәтелдері ерлік пен батырлыққа, ақыл мен парасаттылыққа, азаматтық пен адамгершілікке тәрбиелейтін, ұстаздық мектебі біз үшін бай мұра.

Пайдаланған әдебиеттер

1. М.Мырзахметұлы «Бауыржан батыр» «Жалын», 1991 ж. 347 бет.
2. С.М.Исаев «Қазақ тілі» Алматы 1993 жыл.
3. М.Мырзахметұлы «Қанмен жазылған кітап» Алматы, 1991 жыл. 347 бет.
4. Б.Момышұлы «XXI ғасыр көгінде» Ғылыми зерттеу орталығы.
5. «Баукең туралы толғаныстар» 207 бет.
6. М.Мырзахметұлы «Айналған аңызға Момышұлы» Тараз 2000 жыл. 239 бет.
7. Майдандағы мақалдар.
8. Бауыржан Момышұлының тәлім – тәрбиелік өнегесі.

ОТТЫ ЖҮРЕК, ЫСТЫҚ ҚАН – БӘУКЕҢЕ ҒАНА ЖАРАСҚАН

Назар Шолпан Нұрланқызы

Абай атындағы гуманитарлық колледж, білімгер, Тараз қ.

Батыр шықты қазақ деген қауымнан,
Қорықпайтын боран менен дауылдан.
Францияда туылса, болар еді Бонапарт,
Қазақстанда туылып,
Болып қалған Бауыржан!

Қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Бауыржан Момышұлы — XX ғасыр биігінде тұрған дара тұлға.

Балалық шағын Қаратау, Алатау қойнауларында өткізіп, асау заманмен арпалыса жүріп есейген, қоғамның небір сұрапыл, қиян-кескі кезеңдерінде алған бағытынан қайтпастан өз заманының биігіне көтерілген қазақ баласы.

Ұшы-қиыры жоқ қазақтың кең даласының терең тарихында талай батырдың аты қалып, кешегі аласапыран заманның өшпес белгісіндей болып, бүгінгі тәуелсіз таңның ақыл-есі дұрыс, көзі ашық, ел көгертер талантты да талапты ұрпағын тәрбиелеуге зор ықпалын тигізіп жатыр. Еңселі ескерткіштері жас жеткіншектерге жөн сілтеп тұрғандай. Қобыланды, Қабанбай, Бөгенбайлар – қол бастаған батырлар. Осыдан жүз жылдай бұрын болған көтеріліске басшылық жасаған Амангелді де – батыр. Бауыржан Момышұлы да осы батырларға еліктеген де болар. Бірақ солардай жауға шауып, қантөгісте жанын шүберекке түйіп қол бастаймын деп армандамаған шығар. Арыдағы Алпамыстар мен берідегі Бауыржан Момышұлының ұқсастықтары мен ерекшеліктерінің басты айғағы – оларға Батыр атағын халықтың өзі берді. Ешбір жарлықсыз. Керісінше, жарлықпен берілген атақтың халықтың басым көпшілігіне беймәлім болуы әбден мүмкін. Көреген де дана халық оларды Батыр деп өзі басына көтерді. «Менің төрешім – уақыт пен халық» - деп жазып кеткен Б.Момышұлының өзі.

Бауыржан Момышұлының өзінен бұрын өткен Батыр бабаларынан басты айырмашылығы бар. Баукең қан төккен соғыстың салмағы да, көлемі де, маңызы да қазақ даласында ертеректе болған ұрыс-шайқастардан ерекшелігі көп. Сондықтан, сол кескілескен сұрапыл соғыста суырылып шығып қол бастау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ұлы Отан соғысы – ол тактика мен стратегияны былай қойғанда, әскери техниканың, қару-жарақтың ең үздік үлгілерінің шайқасы болды. Командирлердің әдіс-айласын әскери техниканың мүмкіншіліктерімен үйлестіріп, үлкенді-кішілі атыс-шабыста азуына дейін қаруланған жауға тойтарыс беріп қана қоймай, ұрыс даласының басты тұлғасы қатардағы жауынгерді аман алып қалудың да амалын табу қолбасшы Б. Момышұлының негізгі қағидасы болды. Баукең осы әскери өнерді шарықтау шегіне жеткізе игеріп, меңгерген, шығыс

халықтарының арасынан шыққан санаулы сардарлардың төбесінен қарап оқшау тұр.

Б.Момышұлының даңқы бүкіл Республикаға әйгілі. Мындаған қазақ майданда шайқасты, дегенмен Б.Момышұлының есімі аңызға айналып, соғыс және соғыстан кейінгі жылдары жаңа туған нәрестелердің көпшілігіне Бауыржан есімі берілді, себебі әр ана өз баласының Бауыржанға ұқсағанын қалады.

Бүгінгі таңда оның есімімен мектептер және әскери интернаттар, көшелер аталған, ол туралы жазылуда, оқылуда, айтылуда, зерттелуде. Уақыт төреші барлығын өз орнына қойды, халқы оны ұмытқан жоқ, даңқы жылдан-жылға артып келеді.

Бауыржан Момышұлы соғыстан соңғы жылдарда аса көрнекті жазушы ретінде танылды. Оның қаламынан шыққан әскери және көркем шығармалар, роман-әңгімелер, хикаяттар ел игілігіне айналды.

Әрине, Баукең қалдырған асыл мұраның бәрін жиып, жүйелеп, саралап, ғылыми түрде зерттесең, талай диссертацияға тақырып болар еді. Қазіргі таңда 5 кандидаттық, 1 докторлық диссертация қорғалуда. Әскери ғылымға қосқан еңбектері мұрты бұзылмай жатыр. Қанмен жазылған «За нами Москва» шығармасы - жер шарына қазақ деген сарбаз халық бар екенін паш еткен, ешқашан ескірмейтін киелі кітап.

Қазақ елінің қоғамдық ойында бүкпесіз пікір айтып, батыл көзқарас танытуда Б.Момышұлының орны бөлек. Оның өмір шындығын көлегейлеместен ашық айтуымен «ноқтаға басы сыймай кеткен» болат мінезді батыр болмысы талайлардың жалын күдірейтті де... «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!» ұстанымымен ғұмыр кешкен Момышұлының бұл мұралары екі салалы. Оның алғашқысы - әскери мамандар үшін таптырмайтын оқу құралы да, екіншісі - жастар үшін өмірдің шындығын терең түйсінуге, шыңдалуға бастар ғибратты құндылық.

Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқырманның іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады.

Қазіргі таңда Бауыржан Момышұлы – ерліктің, отансүйгіштіктің символы. Ол – жас ұрпаққа үлгі болатын хас батыр, халық қаһарманы.

Әдебиеттен:

1. Қаһарман Бауыржан Момышұлы: Фотоальбом. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2008. 6-8 б.
2. Золотова Л.А. О Бауржане Момышулы. Простор, 2002. №7. 124-126 б.
3. Бектемирова С.В. Человек, воин, писатель. Русский язык и литература в казахской школе. -2001. №3 6-9 б.